

**Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 қаңтардағы "Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 226/30 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 06 мамырдағы № 264/36 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 мамырда № 3808 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2015 жылғы 26 мамырдағы № 398/53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 26.05.2015 № 398/53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 қаңтардағы "Павлодар қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 226/30 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3698 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 ақпандағы № 7 "Версия" газетінде және 2014 жылғы 28 ақпандағы № 8 "Шаһар" газетінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

7-тармақта:

9) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және мемлекеттік жәрдемақы алатын отбасылар ішінен - 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына;"

8-тармақта:

2) тармақша мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"7-тармақтың 6-тармақшасы екінші абзацында көрсетілген санаттар үшін

17619 теңге мөлшерінде - уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

7-тармақтың 9-тармақшасы алтыншы абзацында көрсетілген санаттар үшін  
17619 теңге мөлшерінде - уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*О. Мұқашев*

*М. Желнов*